

1999 жылы туған азаматтарды Қарағанды облысы Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеуді өткізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімінің 2015 жылғы 26 қазандағы № 1 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 қарашада № 3515 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімінің 20.12.2016 № 3 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енеді) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қаулысын басшылыққа ала отырып, қала әкімі

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. 2016 жылғы қаңтардан наурызға дейін 1999 жылы туған азаматтарды Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеу ұйымдастырылсын.

2. Мекеме, кәсіпорын, ұйымдардың басшыларына, оқу орындары мен басқа қоғамдық салалардың директорларына әскерге шақыру жасына дейінгілерді медициналық тексеруден өту және құжаттарды жинау үшін, шақыру қағаздарын алғанда жұмыстарынан, сабақтарынан босату ұсынылсын.

3. Приозерск қаласы әкімінің 2014 жылғы 27 қазандағы № 7 "1998 жылы туған азаматтарды Қарағанды облысы Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеуді өткізу туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2825 болып тіркелген, "Приозерский вестник" газетінде 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 49/382, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылдың 23 қаңтарында жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Ә. Қазиеваға жүктелсін.

5. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енеді.

Қала әкімі

Қ. Камзин

"КЕЛІСІЛДІ"

*Балқаш қаласының қорғаныс істері
жөніндегі біріктірілген бөлімінің бастығы
майор*

_____ Б.А. Алишев

2015 жылғы "26" қазан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК